

Ж.Т. Кулахметова, Р.Т. Хасенова, Р.Е. Кусаинова
ВКЛАД КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН-УЧЕНЫХ
В ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ

THE CONTRIBUTION OF KAZAKHSTAN WOMEN SCIENTISTS TO THE NATURAL SCIENCE

В данной статье авторы освещают неоценимый вклад казахстанских женщин-ученых в естественные науки. В современном научном мире женщины-ученые Казахстана заняли достойную нишу, проявляя наибольшую активность в биологических, химических, медицинских отраслях знания и работают с полной отдачей сил на благо нашего государства в деле осуществления экономических и демократических преобразований.

Ключевые слова: генетика, биотехнология, полиомиелит, вакцина, геном, микробиология.

In this article the authors highlight the invaluable contribution of Kazakhstan women scientists to the sphere of Natural Science. In the modern scientific world, women scientists of Kazakhstan have occupied a worthy niche showing the greatest activity in biological, chemical, medical branches and are working with full commitment for the benefit of our state in the implementation of economic and democratic reforms.

Keywords: genetics, biotechnology, poliomyelitis, vaccine, genome, microbiology.

ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, Астана, Қазақстан.

Заманауи әлемдік ғылымға тән жалпы үдеріс оның феминизациясы болып табылады. Қазақстан да осы үдерісте сырт қалған жоқ.

XXI ғасырда Қазақстанда көптеген басқа елдердегідей жоғары білімге және ғылыми қызметке ерлермен бірге әйелдер де тең құқықтарға қол жеткізуде. Қазақстандық әйелдер жоғары білімді және білім саласында олардың үлесі өте жоғары. Егер басқа салаларға кіру қиын болса, мысалы саясат немесе мемлекеттік басқарудың өзге құрылымдарына араласу қиынға түссе, ғылым саласы неғұрлым демократиялық болып табылады. Сондықтан, жеткілікті білім мен тәжірибеге ие болғандықтан, әйелдер қауымы өз білімдерін ғылыми жұмыста табысты пайдалана алады.

Егер ертеректе әйел ғалымдар дәстүрлі өмір салты жағдайында бірден оңай емес екі функциясын орындап, ғылыми жұмыстарын отбасына қамқорлық жасаумен қиын жағдайда біріктірген болса, бүгінгі күні қазақ әйелі үй шаруасымен де айналысады, сонымен бірге қоғамның барлық саласына белсене қатыса алады.

«„Стратегия – 2050“ – мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты өзінің Қазақстанның халқына арнаған Жолдауында мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев біздің отандастарымыздың ана рөлі мен кәсіби әйелдің бейнесін шебер және органикалық түрде біріктіріп жүргенін келесідей атап өтті: «Біз болашақта да елімізде әйелдердің рөлі арта түсетіндіктен, оларға барлық жағдайды жасаймыз. Қазіргі қазақстандық әйел мансапқа ұмтылуы тиіс» [1].

Қазақстандық әйел ғалымдарының ең үлкен белсенділігі ғылымның биология, химия және медицина салаларында байқалады. Олардың ұсыныстары жүзеге асырылуда және жақсы нәтижелерге жетуде.

Қазақстандағы көптеген әйел ғалымдар жаратылыстану ғылымында нақты серпіліс жасады. Қазақстандағы молекулярлық және медициналық генетика, этно- және палеогеномика, ғарыш биологиясы және биотехнологияның негізін қалаушы биология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, Нью-Йорк ғылым академиясының толық мүшесі Айтхожина Нағима Әбенқызы деп есептеледі.

Ол жоғары организмдердің (адам, өсімдіктер) геномдарының құрылымдық және функционалдық ұйымдастырылуы, адамның тұқым қуалайтын ауруларының пайда болуы мен дамуының молекулярлық механизмдері, генодиагностикадағы іргелі және қолданбалы маңызы бар бірқатар іргелі жұмыстарды жүргізген.

Н. А. Айтхожинаның бастамасымен Қазақстанда биотехнология және ғарыш биологиясы салаларында ғылыми-техникалық бағдарламалар жасалды, Шығыс Қазақстан облысының аумағында Берел қорғанының археологиялық қазбаларының мумияланған материалдарының молекулярлық және генетикалық талдауы жүргізілді.

М. А. Айтхожина қазақстандық ғалымдардың басымдығына ие болған «Эукариоттық геномды білдіретін төменгі молекулярлы биорегулятор – өсімдіктердің биологиялық белсенді заттары» негізгі бағытының авторы болып табылады. Ол астық геномы құрылымының ерекшеліктеріне байланысты іргелі және қолданбалы құндылықтарына ие зерттеулер жүргізеді. Қазіргі кезде Нағима Әбенқызы молекулярлық биология және биохимия институтын басқарады. М. А. Айтхожина (1990 жылдан бастап) ҚР ҰҒА-ның мүшесі. Халықаралық биохимиктер және молекулярлық биологтар қоғамының мүшесі (IUBMB) [2].

Сондай-ақ генетика мен вирусологияның дамуына үлкен үлес қосқан – Кеңес Одағының және Қазақстанның ғалымы, биология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Ахматуллина Нәзира Бәдретдинқызы. Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1974), Халықаралық дәрігерлер қауымдастығының мүшесі (1999). Оның ғылыми зерттеулерінің негізгі бағыттары – химиялық және радиациялық генетика, вирустар мен адам клеткаларында өздігінен орын алған және индуцирленген мутациялардың заңдылықтарын зерттеу. Ең маңызды ғылыми жетістіктерінің арасында фрагментті геномы бар вирустарда бағытталған мутацияны алудың түпнұсқа әдісін жасау болып табылады.

Шындағында, Н. Б. Ахматуллиның 1954–60 жылдары елдегі полиомиелитті жоюға қосқан үлесі өте құнды. Қазақ КСР Ғылым академиясының жаңа микробиология және вирусология институтының

аспиранты бола отырып, ол эпидемиясы Алматы және Қарағанды облыстарының балаларына тараған полиомиелиттің вирусологиялық және серологиялық диагностикасы бойынша үлкен жұмыс атқарды. Полиомиелит вакцинасын апробациялау бағдарламасы сәтті өтіп, балалардың ауруы күрт төмендеді. Н.Б. Ахматуллинаның жұмыс нәтижелері Ресей, Латвия, Молдова, Канада, Швеция, Италия, Испания, Португалия, Австрия, Франция, Қытай және басқа елдерде халықаралық форумдарда талқыланды [3].

Қазіргі Қазақстанда ғылыми жаңалықтары мемлекет үшін құнды болып табылатын өнертапқыш әйелдер бар. Олардың ішінде, қазақ ұлттық тағамдарының биотехнологиялық әзірлеушісі, Алимарданова Мариям құрметті орынға ие. Мадиева Мадина – аз мөлшерде сәуленген тұлғалар ұрпақтарының генетикалық салдарын болжау тәсілінің авторы. Атақты ғалымдар қатарында жас зерттеуші Бақтыбаева Назифа ерекшеленеді. Ол Шолпан планета жүйесін игеру үшін автоматты станция макетін әзірлеген.

Бұл керемет ғылыми жаңалықтар нәзік жанды әйелдермен жасалды, дегенмен, олар оны істей алды. Қажымас еңбекқорлығымен олар мемлекеттің тек әлеуметтік-экономикалық дамуына ғана емес, өскелең ұрпақ тәрбиесіне қосып жатқан үлесі зор.

Әйел болмысы да, тағдыры да – ана болу, жауясының ошағын тұтатумен қатар, мәдени, әлеуметтік-экономикалық құндылықтарды жасаушысы, әрі дамытушысы. Ғалым-әйелдер – айқын шығармашылық тұлға, ерекше ойлау қабілетіне, білімге деген құштарлыққа, ғажайып байқағыштық және жоғары еңбекқорлық қасиетіне ие жандар.

2017 жылғы ҚР Ұлттық ғылым баяндамасына сәйкес, 2016 жылы ғылыми зерттеулер мен талдамаларды 9282 әйел жасаған. Олардың ғылыми немесе академиялық дәрежесі: біліктілігі бойынша доктор – 206, философия докторы (PhD) – 243, ғылым докторы – 595. Ең көбі ғылым кандидаттары – 2579 және магистрлер – 2345 [4].

Қазіргі ғылыми әлемде Қазақстанның ғалым-әйелдері бейімделуге қабілетті, қалыптасқан тап-тауындардан арылып ел игілігі үшін, экономикалық және демократиялық өзгеруіне аянбай жұмыс жасап лайықты орнын алып отыр.

Литература

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтің Қазақстан халқына жолдауы «„Қазақстан-2050“ стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Егемен Қазақстан. 15.12.2012. № 828.
2. URL: <http://old.unesco.kz/heritagenet/kz/participant/scientists/aihozhina.htm>.
3. ҚР ҰҒА Хабаршысы. Сер. биологическая. 2010. № 5 С. 81.
4. Ұлттық ғылыми баяндамасы. Астана; Алматы, 2017.
5. URL: <http://sc.edu.gov.kz/storage/34/343fbdce9dfa46a15d7dcfacb7f58c68.pdf>.